

ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 16/401

24 апреля 2015 года

Вестник

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ! ПОЗДРАВЛЯЕМ С ДНЁМ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА !

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ !

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн - әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Халық бірлігі мерекесі күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді.

Сіздерге зор денсаулық, таусылмас күш-қуат, мол бақыт, еңбектеріңізге жеміс, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық, құт-береке тілейміз!

Бір шаңырақ астындағы халқымыздың ынтымақтастығы мен өзара ауызбірлігіміз нығая түсіп, республикамыздағы ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, достық, бірлік мәңгі жасай берсін!

Құрметпен:

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА!

От всей души поздравляем Вас с праздником 1 мая - Днем единства народа Казахстана! Этот день стал символом дружбы, сплоченности и созидания всех казахстанцев.

Единство, согласие и мир в обществе стали одними из главных достижений за годы независимости нашей многонациональной страны. В этот майский день желаем всем счастья, здоровья, весеннего тепла, вдохновения, творческой работы!

Пусть первомайские праздники принесут Вам и Вашим близким радость и удовольствие! Пусть царит мир, согласие и благополучие в Ваших семьях!

С Уважением:

Аким города

Секретарь маслихата

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков

БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ БОЛСЫН!

Приозерск қаласының тұрғындарын бірлік күні мерекесімен шын көңілден құттықтаймын! "Бірлік бар жерде – тірлік бар" дейді біздің халқымыз. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді.

Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі – еліміздің халықтарының ұлтаралық және конфессияаралық келісімі, өзара түсіністігі мен сыйластығы болып табылады.

Қазақстанда, оның елордасы Астанада достық пен бірлікті нығайту сөз жүзінде қалмай, күнделікті іс-әрекетімізде басшылыққа алынған. Бүгінгі күні көпұлтты мемлекетімізді мекендейтін халықтар достығының, бірлігінің және бейбітшіліктің символы болғай!

Қазақстанның көпұлтты халықтары арасындағы бірлік пен ынтымақтастығы нығая берсін! Қазақстанның көпұлтты халқының татулығы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі біздің еліміздің ең басты байлығы. Оны көздің қарашығындай сақтауға тырысайық. Береке-бірлігіміз, тату-тәтті тірлігіміз, ырыс-ынтымағымыз арта берсін, ағайын!

Амандық СЕРІКОВ,

Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ ! ҚҰРМЕТТІ ГАЗЕТІМІЗДІҢ ОҚЫРМАНДАРЫ !

Сіздерді 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Биылғы 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланғандықтан, аталған мерекенің бүкіл еліміздегі алар орны ерекше болып отыр.

Қазақстанның көпұлтты халқы арасындағы бірлігі мен ынтымақтастығы нығая берсін! Көпұлтты халқымыздың татулығын, ынтымақтастығын және бірлігін көзіміздің қарашығындай сақтауға тырысайық.

Береке-бірлігіміз арта берсін, ағайын!

«Приозерский вестник» газетінің ұжымы атынан газетіміздің бас редакторы Б.Кенжебеков

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ! УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ НАШЕЙ ГАЗЕТЫ !

От всей души поздравляет вас с 1 мая – Днём единства народа Казахстана !

В год Ассамблеи народа Казахстана этот праздник занимает особое место в жизни нашей многонациональной родины.

В Казахстане проживают более 150 этносов в мире и согласии. Согласие, дружба и мир народа Казахстана - наше главное богатство, ведущее в светлое будущее.

Пусть крепнет единство и дружба много национального народа Казахстана !

От имени коллектива газеты «Приозерский вестник» главный редактор Б.Кенжебеков

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ! УВАЖАЕМЫЕ ЧЛЕНЫ ЭТНО-КУЛЬТУРНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ !

От имени этно-культурных центров города Приозерск сердечно поздравляем вас с 1 мая – Днём единства народа Казахстана !

На сегодня на лицо результаты мудрой политики Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева по сохранению мира и стабильности в стране и Казахстанский народ живет в мире и согласии. И в 2015 году, объявленном годом Ассамблеи народа Казахстана, несмотря на трудности в мировой экономике, принимаются меры по социальной защите населения, по его благосостоянию. Мы гордимся нашим богатством – дружбой и миром многонационального Казахстана.

Пусть крепнет единство Казахстанского народа!

П.Кенжебекова,

Председатель этно-культурного центра казахского народа «Атамұра»;

С.Попченко,

Председатель этно-культурного центра славянских народов «Исток»;

М.Шукрюров,

Председатель этно-культурного центра азербайджанского народа «Арзу»

МАМЫРДА

Табиғат – Жер-Анаға тарынбаған,
Мамыр да келді міне, мамырлаған.
Шерміп қарындары, көкке тойған,
Сыбырлар ай-тақырда дамылдаған.

Құс қонды ұясына көл жағалай,
Самалмен тербеледі тал, қарағай.
Шомылған көк-айдыңға топ
балақай,
Жарыса жүгіреді алға қарай.

Береді күн шуағы көлге көрік,
Тоғайдан үркектейді келген елік.
Көктемде туған марка қозылардың,
Қалыпты жоталары дөңгеленіп.

Көк түтін самауырдан бұрқырайды,
Жас ақын домбыра алып, жыр
құрайды.



Ақынның шығармаларынан

Мәз-майрам ауыл-аймақ түгелімен,
Құлындар желідегі шұрқырайды.

Сарыарқа – жарқырайды
сағымданып,
Мінекей, бақ-береке, жаныңда –
құт!
Шығады серуенге қыз-бозбала,
Жастықтың шаттық әнін
жалындатып.

Орнатқан алтыбақан дабылдатып,
Шырқайды әнші жігіт арындатып.
Бейбіт күн атырапқа нұрын
шашқан,
Мамырды қуанышпен қабылдадық!

Нұрғали
ҚАРАБЕКТЕГІ

Новости региона

РАБОЧИЙ ВИЗИТ
ЗАМЕСТИТЕЛЯ ПРЕМЬЕР-
МИНИСТРА

17 апреля, в рамках рабочей поездки в Карагандинскую область, город Приозерск по поручению Главы государства посетил заместитель Премьер-Министра РК Бердыбек Сапарбаев.

Вице-премьера в поездке сопровождали вице-министр здравоохранения и социального развития РК Аргынбаев Даулет Рашидович, вице-министр образования и науки РК Имангалиев Есенгазы Нуртолеуович и заместитель акима Карагандинской области по вопросам социальной сферы и внутренней политики Абишев Жандос Акылсерикович. Вице-премьер ознакомился с социальным развитием

регионе» - сказал заместитель Премьер-Министра.

В структуру комплекса входят лечебные и спортивные корпуса, библиотека, центр детского досуга, киноконцертный зал. Санаторий рассчитан на 150 мест. Благодаря вводу в строй данного объекта, построенного в рамках ГЧП (5,2 млрд. тг), создано 185 рабочих мест. Затем Б.Сапарбаев встретился с коллективом лечебно-оздоровительного комплекса, ознакомился с условиями труда работников. Б.Сапарбаев акцентировал внимание на необходимости своевременного и качественного исполнения поручений Главы государства, в том числе касающихся содействия занятости



города.

В первую очередь заместитель Премьер-Министра посетил недавно построенный на живописном берегу озера Балхаш лечебно-оздоровительный комплекс «Балхаш» Медицинского центра Управления делами Президента РК. Осмотрев корпуса нового современного здания и ознакомившись с оснащённостью и оформлением помещений лечебно-оздоровительного комплекса, Б.Сапарбаев отметил актуальность открытия данного комплекса

населения и сохранения социальной стабильности в обществе.

Отвечая на вопросы журналистов, заместитель Премьер-Министра затронул тему чрезвычайной ситуации, сложившейся в Карагандинской и других областях из-за обильных паводков. «По поручению Главы государства Правительство принимает все меры по стабилизации и контролю над паводковой ситуацией, сложившейся в ряде регионов страны. В настоящее время рассматривается вопрос о выделении до-



для Приозерска. «Благодаря современному оборудованию и квалифицированным врачам жители и гости города получают уникальную возможность восстановить здоровье и силы. Санаторий стал еще одним важным шагом к повышению уровня оказания социальных услуг населению региона. В строительстве комплекса вложены огромные средства из резерва и от спонсоров. Поэтому построить - это одно дело, но важно и сохранить все это. Созданы рабочие места. Остается только работать в направлении развития туризма в

полнительных финансовых» - отметил он.

Затем Б.Сапарбаев побывал в школе искусств и спорта, где обучается свыше 1000 детей. Он осмотрел спортзал, бассейн и классы для занятий школьников, а также расположенный в школе мини-центр «Еркетай». В школе заместитель Премьер-Министра, так же, встретился с педагогическим коллективом.

Во второй половине дня заместитель Премьер-Министра отбыл в город Жезказган.

Б. Алшынкеулы

1-МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
БІРЛІГІ КҮНІАТАМҰРА – АУЫЗБІРЛІК
ОРДАСЫ

2011-жылдың 1-мамыры – Қазақстан халықтарының бірлігі күні қарсаңында сол кездегі қала әкімі Ерлан Өтешевтің тікелей бас-тамасымен қалалық кітапханада қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпы мен мәдениетін насихаттайтын және дамытатын «Атамұра» ұлттық орталығы ашылған болатын. Сол кезеңде қалалық өнер және спорт мектебінің ішінен «Истоқ» славян халықтарының орталығы да өз қызметіне кірісті. «Атамұра» орталығына кітапхана директоры Павлина Кенжебекова қоғамдық негізде жетекшілік ететін болып шешілді. Бұл орталықтардың

«Еркіндік, бостандыққа жеткен халық», «Тербейін тәуелсіздік тал бесігін», «Егемен елім ер жетті», «Атаңым – сенімің серігі», «Атадан қалған асыл сөз», мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған «Мемлекеттік тіл – егемендік еншісі», «Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл», Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған оқырмандармен басқосулар, т.б. кездесулер, әдеби-мәдени шаралар, дөңгелек үстелдер, көрмелер – шараға қатысушылардың ұзақ уақыт есінде қалатын іссапарлар еді. Мұндай ұлттық рухымызды биіктеге түсетін шараларға өнер және спорт мектебінің, қаладағы екі мектептердің өнерлі оқушылары мен жеке өнерпаздар тартылып, олар ән, би, көркемсөз оқу шеберліктерімен көрер-



ашылуын жыл жаңалығы десе де болады. Аталмыш орталықтардың ашылуы қалалықтарды бейжай қалдырмады, әсіресе балалардың қызығушылығы басым еді. Орталық ашылған күннен бастап кітапханаға саяхат жасаушылар мен келушілер саны артты. Орталықтың басты мақсаты –

мендерін тәңгі етіп отырды. Бұл орталыққа мектеп оқушыларымен қатар балабақшалар тәрбиеленушілері де жиі келіп, әртүрлі тақырыптарда ісшаралар ұйымдастырылады. Яғни, орталық пен халық, мектептер мен балабақшалар арасында тығыз творчестволық байланыс орнатылған. Аталмыш шараларға жиі шақырылып, өздерінің өнегелі өмір жолдары жайында балаларға баяндап беретін ақылман аталар мен әңгімеге бай әжелер, ақ жаулықты аналардың өскелең ұрпаққа беретін баталары мен насихатқа толы тәлімдері жатыр.



ұмытылып бара жатқан кейбір салт-дәстүрлеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, жастар мен жасөспірімдер арасында насихаттау, оны келер ұрпаққа жеткізу болатын. Бұл «Атамұра» орталығының мақтанышымен айтарлық үлкен жетістігі десек артық болмас.

Қоғамдық негізде жұмыс жасап жатқан «Атамұра» орталығы атына сай қызметін абыроймен жалғастырып келеді. Ұлттар арасындағы бірлік пен ынтымақты, бейбітшілік пен тыныштықты, ұлтымыздың мақтан тұтар құндылықтарын, ұмытыла бастаған салт-дәстүрін, қолөнері мен мәдени, әдеби мұраларын насихаттау жолында тынымсыз ізденіспен әрекет етіп жүрген орталық жетекшісі мен оның мүшелеріне алдағы кездеріне де табыс пен жетістік тілейміз және 1-мамыр қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Суреттерде: «Атамұра» орталығынан көріністер

Одан бергі кезеңде жыл бойғы атаулы күндер мен мерекелік шаралардан ізденімпаз төрайым П.Сиязбекқызының басшылығымен «Атамұра» орталығы бір сәтке де көз жазып қалмады. Оны саусақпен санап жеткізу мүмкін емес. Әсіресе қарттар күніне арналып өткізілген «Қарттарым, аман жүрмісің?», «Аталар мұрасы – халық қазынасы», «Қариялар – дариялар», еліміздің Тәуелсіздік күніне орай өткен



1 МАЯ – ДЕНЬ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА

УЧАСТИЕ ЭТНО-КУЛЬТУРНЫХ ЦЕНТРОВ «ИСТОК» И «АРЗУ» В ПРОВЕДЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ

Еще в первые годы становления государственности Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев отметил: «Без доверия между людьми разных национальностей, без равенства всех перед законом не будет процветания государства, а значит, и счастливой жизни простых людей». Время доказало справедливость этих слов. Современный Казахстан



процветающее государство со стабильной экономикой. А народ Казахстана живет в мире и согласии вот уже более двадцати трех лет благодаря мудрой политике главы государства Н. Назарбаева. В том, что мы живем в мире и согласии, в условиях стабильной общественно-политической ситуации, есть огромная заслуга Ассамблеи народа Казахстана, созданной 20 лет назад. Это - новация Казахстана в мировой практике, когда институт народного представительства, возглавляемый Президентом страны, имеет реальные общественные и правовые механизмы участия всех этносов в проведении государственной национальной политики.

За прошедшие 20 лет организационно окрепли, стали реальной общественной силой областная Ассамблея и этнокультурные объединения страны. И в нашем городе, кроме этнокультурного центра казахского народа «Атамұра», действуют такие общественные объединения, как этнокультурный центр славянских народов «Исток» под председательством Попченко С.Б. и этнокультурный центр азербайджан-

кого народа «Арзу», под председательством Шукюрова М., без участия которых не обходится ни одно значимое общественно-политическое мероприятие в городе.

Целью деятельности этнокультурных центров являются возрождение, сохранение и развитие традиций, обычаев, языка, культуры и истории каждого народа. Представители того или иного народа, участвуя в мероприятиях этнокультурного центра, принимают участие и в общественной жизни города по укреплению дружбы между представителями народов и этносов, проживающих в нашей многонациональной стране.

2015 год - год 20-летия Ассамблеи народа Казахстана - особый для всех народов, проживающих в нашей стране. Волею судеб казахстанская земля стала родным домом для людей разных национальностей. Благодаря мудрой государственной политике, здесь созданы условия, чтобы все диаспоры могли развивать свою культуру, следовать народным обычаям и традициям. В этом году все мероприятия в нашей стране посвящаются этой юбилейной дате. Взаимодействие всех этнокультурных центров обогащает нас в культурном плане, становясь ближе друг к другу, в этом есть наша сила, сила Казахстанского народа.

Б. Алшынбекулы



XXII СЕССИЯ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА

Н. НАЗАРБАЕВ: МЫ ФОРМИРУЕМ УНИКАЛЬНУЮ И ДО СИХ ПОР НИГДЕ НЕ ПОВТОРЁННУЮ МОДЕЛЬ ЕДИНСТВА НАРОДА

АСТАНА. КАЗИНФОРМ - Сессия, посвященная теме «Мәңгілік Ел: одна страна - одна судьба», состоялась во Дворце мира и согласия под председательством Главы государства, председателя Ассамблеи народа Казахстана Нурсултана Назарбаева, сообщает пресс-служба Акорды.

В работе сессии приняли участие более 1500 человек, в числе которых члены и ветераны Ассамблеи из всех регионов, председатели республиканских и региональных этнокультурных объединений, депутаты Парламента, руководители центральных исполнительных органов, политических партий, религиозных объединений, НПО, дипломатических миссий иностранных государств, ректоры вузов, представители научной, творческой интеллигенции и СМИ.

В своем выступлении Глава государства поздравил участников сессии с 20-летием Ассамблеи, отметив, что она была образована в непростое для страны время.

- Мы взяли судьбу республики в свои руки. И построили государство, уважаемое теперь во всем мире. Мы совершили это во имя собственного счастья и благополучия

нынешнего, а также будущих поколений, - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев также отметил, что весь XX век на территории Казахстана шёл сложный процесс формирования многоэтнического народа, в результате которого в нашу страну было переселено 5,6 млн человек.

Президент Казахстана обратил внимание, что все инициативы, включая «Стратегию-2050», новую индустриализацию, программу «Нұрлы жол», Пять народных реформ, «Мәңгілік Ел», рассчитаны на многие годы вперед, и запустить их способен только мощный всенародный механизм.

- Таковым может стать нация единого будущего. Мы формируем уникальную и до сих пор нигде не повторённую модель единства народа. Нас объединяет, во-первых, общая любовь к нашему общему дому - Казахстану. Во-вторых, общественное согласие по отношению к истории нашей древней земли и развитию языков. В-третьих, глубокая вера в настоящее и великое будущее нашего государства и ее граждан. Это и есть основа нашей Вечной Родины - Мәңгілік Ел, - сказал Глава государства.

1-МАМЫР – КАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕ МЕЙРАМЫ

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні! Бұл күнді 1990 жылдардан бері мереке ретінде атап өтудеміз. Елбасымыздың салықалы саясатының негізінде еліміз өркендеп, қоғамда тұрақтылық пен келісім орнап, халқымыздың үрейсіз, алаңсыз өсіп-өнуіне мүмкіндіктің бәрі жасалды. Қазақстанда өмір сүретін көп ұлт өкілдерінің мәдениетін, өнерін, тілін, дінін, дәстүрін дамытуға әділ қарау саясаты көптеген елдерге үлгі-өнеге болып, дүние жүзінде Қазақстанның мерейі үстем болды.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Халқымыздың ұлтына және діни нанымдарына қарамастан, достық пен сенім, ынтымақтастық пен ауызбірлік – біздің отандастарымыздың барлығына тән. Бұл – біздің бірлігіміздің негізі, біздің тұрақтылығымыз бен рухани күшіміздің қайнар көзі, ертенгі күнге деген сеніміміз». Бұл мереке біздің елімізде тұратын көптеген ұлт өкілдері бірлігінің, берекесінің, ынтымағының және достығының шынайы белгісіне айналды. Ұлтаралық келісім мен бейбітшілік – еліміздің одан әрі дамуын қамтамасыз ететін біздің тарихи құндылықтарымыздың бірі, ендеше, әр салада қызмет атқаратын қазақстандықтардың алдында үлкен жауапты іс, ол: өз жұмыстарын қолданыстағы заңнамаларға сәйкес уақытылы және сапалы орындау, өз жұмыстарының мерейі үстем болуы үшін адал қызмет атқару, айналасындағы және өзімен бірге қызмет ететін бауырлас ұлт-тардың өкілдерімен арадағы татулық пен келісімді сақтау болып табылады. «Бірлік бар жерде – береке бар», «Ырыс алды – ынтымақ», «Бірлік – береке бастауы», деген секілді макалдар мен даналық сөздерді ата-бабаларымыз жайдан-жай айта салмаған. Бұл олардың өмірден көріп, түйгеннен қалған және оны жадымызда сақтау бізге аманат.

Қазіргі таңда бірлік пен татулық, халықтар арасындағы достық туралы ұғымдар тұрғылықты халыққа тұрақты түрде қолданыстағы заңнамалар аясында мамандар тарапынан құқықтық түсіндіру жұмыстары, заңгерлік кеңестер беріліп, түрлі тақырыптарда іс-шаралар ұйымдастырылып, мекемелерде, мектептерде, балабақшаларда және ұлттық мәдени орталықтарында кездесулер жүргізу, ісшаралар өткізу арқылы

насихатталуда. Бұл ретте қаламыздағы «Атамұра» және «Арзу» ұлттық мәдени орталықтарының қарқынды жұмыстарын атап өтуге тиіспіз. Қалада өткізілетін мәдени-көпшілік, мерекелік шараларға, кездесулер мен байқауларға қатыстатын аталмыш



орталық мүшелері жүздеді орындарға ие болып, өзгелерге үлгі-өнеге болуда. Олардың да басты мақсаты – ұлттар арасындағы татулықтың, түсіністіктің, бірлік пен достықтың оң нәтижелерге жеткізетінін насихаттау.

Бірінші мамыр – бірлік күніне орай қала бойынша әр жылы тұрақты түрде мерекелік шаралар ұйымдастырылып, мәдени, спорттық жарыстардың өткізілуі де халықтар арасындағы достық пен ынтымақты нығайта түсері сөзсіз. Қазіргі кездегі басқа мемлекеттерде болып жатқан ұлттар мен діндер арасындағы араздық, соғыс пен қантөгіс қаншама жандардың құрбан болуына әкеліп соғуда. Жазықсыз адамдар, қарттар мен балалар зардап шегуде. Мемлекет көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың көрегендік саясатының арқасында біздің елде тұрақтылық пен татулықтың нық орнағанына шүкіршілік етіп, осы игілікті істі одан әрі жалғастыру біздің елдің әрбір тұрғынының міндеті болуы тиіс. «Қазақ хандығының 550 жылдығы», «Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы», «Қазақстанның Атазаңының 20 жылдығы» және «Ұлы Женістің 70 жылдығы» мерейлі мерейрамымен қатар келген биылғы жылғы бірлік күні мерекесімен қазақстандықтарды және қала тұрғындарын шын пейілден құттықтаймыз! Арадағы татулық тінін үзбей, ауызбірлікте, аманшылықта, бейбітшілікте, өзара түсінушілікпен өмір сүруге ұмтылайық! Көк туымыз әрқашан жеңісті де, жемісті күнде желбірей берсін!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что в этой связи центральной задачей Ассамблеи сегодня является активное участие в реализации Пяти реформ и, прежде всего, в формировании нации единого будущего.

На сессии также выступили ветераны АНК, зарубежные гости, делегаты из регионов, спортсмены, представители рабочих профессий, бюджетных, молодежных организаций, участники первой казахстанской лыжной экспедиции на Северный полюс. Они подчеркнули важность сохранения стабильности и общественного согласия, являющихся основой для устойчивого развития страны.

В ходе сессии были назначены заместителями председателя Ассамблеи народа Казахстана Л.Ни и О.Дымов, представляющие этнокультурные объединения



страны.

Кроме того, Глава государства вручил юбилейные медали «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» членам АНК, стоявшим у истоков создания Ассамблеи, а также активистам этнокультурных объединений.

Пресс-служба Акорды

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ТҰҢҒЫШ АТАЗАҢЫ



Тарихқа жүгінсек, Алаш ұмтылысынан кейін республикамызда бірнеше Конституциялар өмірге келген. Соның алғашқысы 1926-жылы 18-ақпанда Қазақ АССР-і Орталық атқару коми-

тетімен тұңғыш Конституция жазылып, РСФСР Орталық атқару комитеті бекітілгеннен кейін күшіне енбей қалған. Сосын 1937-жылы 26-наурызда Жалпықазақ кеңестерінің X төтенше съезі қабылдап, бекіткен Конституция бар. Қырық жылдық ғұмыры болған осы құжаттың орнын 1978-жылғы 20-сәуірдегі «кемелденген социализм» аталған заманның Конституциясы басқан болатын. Міне, осы құжат Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазылып қабылданған, 1993-жылғы 28-қаңтардағы Қазақстанның төл Ата Заңы қолданысқа енгенге дейін өмір сүрді. Елдің егемендігін танытатын 1993-жылғы тұңғыш Конституция мемлекетіміздің тәуелсіздігін ең жоғарғы заң тұрғысында саяси-құқықтық сипатта алғаш бекіткен құжат еді.

Бұл тұңғыш Конституцияның мемлекет тарихында алатын орны туралы Елбасы «Қазақстан жолы» атты кітабында былай деп жазады: «Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін баянды етуге тиіс болатын». Осылайша, 1993-жылы қабылданған Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы егемендік тарихындағы ең демократияшыл құжат болып табылған еді. Алғашқы Конституцияның мәні мен маңызына келетін болсақ, бұл құжат Президенттің көрсеткен мақсаты бойынша төрт басты мәселеге жауап беруі және соған жағдай жасауы тиіс болатын. Оның біріншісі – мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екіншіден – экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терең дағдарыстан шығару, үшіншіден – жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртіншіден – ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін заңдық негіздерді Ата заңда көрсету. Алайда, жоғарыда қамтылған төрт мақсатты шешіп беретін баптар әуелгі тұңғыш Конституцияның жобасында барынша қамтылмады. Президент Н.Назарбаев та бұл ретте тұңғыш Конституция жобасы әуелден-ақ еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық үдерістен

алшақ қалғанын алға тартады. Сөйтіп, уақыт өте келе, заман ағымы мен сұранысы-на қарай, Бас заңымыздың кейбір тұстары нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шыққаны байқалды.

Мәселен, сол кездегі оқиғаларға зер салсақ, тұңғыш Конституция мемлекеттік билікті бөлу қағидаты тұрғысынан республикада біртұтас мемлекеттік органдардың жүйесін қалыптастыра алмағанын аңғарар едік. Сол тұстағы оқиғаларға келсек, депутаттыққа үміткерлердің бірі шағым жасап, соның негізінде ХІІІ шақырылған Жоғарғы Кеңеске сайлау бойынша Орталық сайлау комиссиясының кейбір актілерін Конституциялық сот 1995-жылдың 6-наурызында Ата Заңға кереғар деп таныды. Оның ақыры Жоғарғы Кеңес қызметінің тоқтауына әкеліп соқты. Осындай оқиғалар жаңа Негізгі Құжаттың қажеттілігін туындатқан болатын. Сондықтан да арада екі жыл өткенде 1995-жылы қазіргі Негізгі заң – Конституция қабылданды. Осылайша, тәуелсіздік жылдары Қазақстанның мемлекеттігін айқындаған Ата заң екі қайтара түледі.

Әлбетте, Конституцияның қоғам өміріндегі, еліміздің тарихындағы орны бөлек. Биыл ел болып жиырма жылдығын атап өтіп отырған біздің Ата Заңымыз өз өміршеңдігін көрсетті. Конституция қағидаттарына сәйкес, еліміздің демократиялық жолмен даму бағыты айқындалды. Құқықтық мемлекет қалыптастыру қағидалары қоғамда және азаматтардың санасында түпкілікті бекітіліп, өз жемісін беруде. Ең бастысы, Қазақ елінде кейбір көршілеріміздегідей, «ертеңіміз қалай болады» деген үрей жоқ, араб елдеріндегідей тығырыққа тірелтетін дағдарыстардан да аулақпыз. Ал ондай дағдарыстар туындауының бір негізі конституциялық қайшылықтардан, даму бағытын айқындаудың олқылығынан туындап жатқаны да белгілі болып жатыр. Керісінше, қазақ даласында орта қол шаруасын айналдырған халықтың ақжарқын жүзі мен ертеңге деген сенімін байқаймыз. Осының бәрі қолданыстағы Ата Заңды арқау ете отырып, оның ережелерінен еш ауытқымай, елге, халыққа қызмет етіп отырған Тұңғыш Президент – Елбасының сабырлы конституциялық саясатының арқасы. Ең бастысы, Қазақстан мемлекеттігінің нығаюына, еліміздің дамуына, халқымыздың өсіп-өркендеуіне негіз қалап берген Конституция Тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге де әлеуетті екенін танытып отыр. Ендеше, әрбір қазақстандық Ата Заңымызды сыйлап, құрметтей білсе, сол игі!

Н.ҚЫДЫРМУРАТҰЛЫ

Ұлы жеңіске 70 жыл

ЕҢСЕСІ БИІК ҰЛЫ ЖЕҢІС!



Кеңес Одағы халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 70 жылдық мерейтойына орай «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-де «Еңсесі биік – Ұлы Жеңіс!» атты библио-глобус көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты оқырмандарды өз Отанын, туған елін қорғай білуге баулу және Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата - бабаларымыздың ерлік істерін кастерлеп, рухын көтеру, оларды үлгі - өнеге тұту.

Осынау қаншама боздақтың қыршын жаны қиылған сұрапыл соғыста біздің ата-әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Сол соғыстағы батырлардың ерлігі жайында баяндайтын кітаптар библио-глобус көрмесіне қойылып, оқырмандардың назарына ұсынылды.

Кітапханашылар көрмені тамашалап көрген және кітаптармен танысқан оқырмандарға әр кітаптың авторы мен мазмұны жайлы қысқаша мәлімет беріп отырды. Соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халықтың бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, қасық қаны қалғанша өз отанын жаудан қорғап қалды, ұрпақтарының болашағы үшін қан төкті. Келуші оқырмандардың да сол соғыс батырлары туралы білгісі келетіндігі байқалды. Мектеп оқушыларының да бойына ержүрек ата-бабаларының рухына тағзым ретінде олардың жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадында ұстау қасиеті ұялағандай. Батырлардың ерліктері туралы кітаптар жас-жеткіншектерді де болашақта ерлік істерге жетелейтіні сөзсіз.

Г. Есенбаева,
оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы

ПРОГРАММА МЕРОПРИЯТИЙ, ПРОВОДИМЫХ В ПРАЗДНИЧНЫЕ ДНИ С 1 МАЯ ПО 10 МАЯ 2015 ГОДА

1 мая 2015 г.

10.00 ч.	Центральная городская площадь	Демонстрация «Мир.Труд. Май», с участием организаций и учреждений
17.00 ч.		Праздничный концерт «Тілі басқа, тілегі бір!»

5 мая 2015 г.

11.00 ч.	Здание гарнизонного дома офицеров МО РК	Торжественное собрание посвященное Дню защитника Отечества Республики Казахстан.
15.00 ч.	Школа искусств и спорта	Торжественное собрание, посвященное 70-летию Победы.

6 мая 2015 г.

10.00 ч.	Центральная городская площадь	Широкомасштабная акция «Бессмертный полк»
16.00 ч.	На дому	Посещение ветеранов ВОВ и труженников тыла для поздравления и вручения подарков.

7 мая 2015 г.

15.00 ч.	Здание ГДО МО РФ	Торжественное мероприятие, посвященное 70-летию Победы. Спектакль «А зори здесь тихие...»
----------	------------------	---

9 мая 2015 г.

10.00 ч.	Центральная городская площадь	Торжественный парад войск частей МО РК, РФ
20.00 ч.		Концерт артистов художественной самодеятельности
22.00 ч.		Праздничный фейерверк

Отдел внутренней политики города Приозерск


Қазақ хандығына 550 жыл

«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»

1680 жылдарында Қазақ хандығының билік басына Тәуке хан келді. Бұл кезде Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайлары өте күрделі еді. Ел ішіндегі сұлтандардың өз-ара алауыздықтары салдарынан үш жүз үшке бөлініп, бұрыннан қалыптасқан бірлік байланыстары нашарлап сыртқы басқыншы жаулардан қорғануға кесірін тигізді, бұл жағдай қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі мен жерінің тұтастығына қауіп төндірді. Осы кезде Тәуке хан қазақ халқын біріктіріп, мемлекеттің құрылымын күшейтетін және орталық хан билігін – нығайтуға бағытталған бірнеше ірі өзгерістер жасады.

Тәуке хан ел ішіндегі билер, батырлар мен елге беделді ауқатты адамдарға сүйеніп, «Халық кеңесі» мен «Билер кеңесін» тұрақты орган ретінде қалыптастырып, бұл органдардың құзыретіне мемлекеттік аса маңызды мәселерді талқылап шешуді жүктеді. Сонымен қатар қазақтың дана билері Төле, Қазыбек, Айтекенің қатысуымен «Жеті жарғы» заңдар жинағы жазылып, қабылданды.

«Жеті жарғыны» қабылдағанда қазақтың ежелден келе жатқан әдеп-ғұрыптық заңдар жинақтары «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты заңдары және, «Жеті жарғы» заңы қабылданғанда, сол дәуір және заман талабына сай жаңалықтар ескерілген. «Жеті жарғы» қазақ мемлекетіндегі барлық қоғамдық



қатынастарды реттейтін және жүйелейтін, сонымен қатар, жер дауы, жесір дауы, құн дауы, ұрпақ тәрбиесі және отбасы қатынасы, қылмыс үшін жаза белгілеу, ру тайпаларлық дау және елді жаудан қорғау, салық, діни мәселелері, сонымен қатар биліктер, билер үкімдерінің орындалуын құқықтық тұрғыдан шешу қарастырылған заңдар жинағы болды.

«Жеті жарғыда» жан жазасы-өлім; мал жазасы-құн, айып төлеу, мүліктік өтем; ар жазасы-масқаралау, елден қуу; сүйек құны-адамның құны ерекше, яғни адамның ерек-

(соңы 5 бет.)

Осторожно, вирусное заболевание!

ПРОФИЛАКТИКА КОРИ И ПРОТИВОЭПИДЕМИЧЕСКИЕ МЕРОПРИЯТИЯ

Корь относится к острым вирусным заболеваниям, которые передаются воздушно – капельным путём. Корь всегда сопровождается лихорадкой, сильной общей интоксикацией организма больного, катаральным синдромом. На теле больного корью образуется типичная для кори энантема и макулопапулёзная сыпь. Что же такое корь клиника лечение профилактика заболевания?

Источником заражения при кори является больной человек, который выделяет вирус вонне воздушно – капельным путем. Человек, больной корью, заразен в последние два дня периода инкубации болезни, а также до четвёртого дня появления высыпаний на коже.

Болезнь очень контагиозная, ей могут заразиться люди любого возраста, не прошедшие вакцинацию, утратившие иммунитет к кори. Более всего к кори восприимчивы дети.

Заболеть корью имеет сезонность: весной и летом отмечается скачок по заболеваемости кори.

Корь – клиника. Вирус от больного человека посредством воздушно – капельной передачи попадает на слизистую оболочку здорового человека. Очень скоро он проникает в ткань лимфатических узлов, откуда проникает в кровеносное русло. С кровью вирус быстро разносится по организму человека, поражая кожу, конъюнктиву глаз, слизистые оболочки ротовой полости, носоглотки, бронхов. Если вирус проникает в центральную нервную систему, то у больного может развиваться энцефалит, менингит, менингоэнцефалит.

Человек, один раз переболевший корью, получает стойкий иммунитет к этому заболеванию на всю жизнь.

Заболевание имеет свой период инкубации – обычно от 9 до 11 дней, но инкубационный период может быть и от 7 до 21 дня. Предвестниковый период длится 3 - 4 дня, в этот период у больного возникает сильный насморк, лающий кашель, повышение температуры тела, симптомы общей интоксикации организма, головная боль. Именно в этот период на слизистой оболочке твёрдого и мягкого нёба появляется энантема, характерная для кори, а на внутренней поверхности щёк, иногда – на дёснах, появляются характерные белые

пятна Бельского-Филатова-Коплика. Эти пятна похожи на манную крупу – очень мелкие и белые. По наличию этих пятен диагностируют корь и дифференцируют её от других заболеваний. В конце этого периода температура тела постепенно снижается, но во второй период заболевания, когда появляется сыпь, она вновь повышается. С появлением коревой сыпи на коже у больного возникают лихорадка, сильная интоксикация, признаки поражения органов дыхания.

Коревая сыпь имеет свои этапы: в первый день этого этапа сыпь проявляется на лице больного, шее, а в последующие два-три дня сыпь спускается вниз. Высыпания на лице в этот момент могут уже побледнеть. Сыпь разливается по большой площади тела, сливается. Образования сыпи существуют на фоне нормальной кожи, точки сыпи имеют ярко-красный цвет. При возникновении сыпи у больного может возникнуть конъюнктивит с гнойными выделениями. Периферические лимфатические узлы больного увеличиваются, становится сильнее кашель, в лёгких и бронхах слышатся сухие или влажные хрипы.

При кори в некоторых случаях наблюдается диарея, сильные боли в животе. Когда сыпь перестанет прогрессировать новыми элементами, температура тела больного постепенно снижается до субфебрильных показателей, состояние больного становится заметно лучше, исчезает интоксикация.

Яркие высыпания сыпи существуют до четырёх дней, затем они становятся бледнее. После сыпи на коже больного остаётся пигментация и шелушащаяся кожа. Особенно страдают от появления отрубевидного шелушения туловище и лицо больного.

Корь может иметь тяжёлые осложнения в виде пневмонии и стеноза гортани, энцефалит или менингоэнцефалит. В качестве профилактики кори, для создания стойкого иммунитета у детей к этому заболеванию введена плановая вакцинация, проводимая по национальному календарю прививок в 1 год и 6 лет.

Не отказывайтесь от прививок!

Байманова Т.Р.,
главный специалист
Управления по защите прав
потребителей по г Приозерску

Қазақ хандығына 550 жыл

(соңы. басы 4 бет.)

ше қасиетіне байланысты қосымша моральдық өтем болған. Қылмыстық жауап 13 жастан басталған: мылқау және жүйке ауруына ұшырағандарды жауапқа тартпаған.

«Жеті жарғының» шариғат заңдарына негізделген тұстары бар:

-егер ер адам діннен безсе, оның малы өзгелерге бөлініп берілген;

-құдайға тіл тигізсе, оны жеті адам растаса, ол таспен ұрып өлтірілген;

-егер айыттырылған қыз болашақ күйеуінен бас тартса, билер бас тартудың себептерін анықтаса және дәлелдесе, ол қыздың басына бостандық берілген;

-ата – анасына тіл тигізген немесе қол көтерген ер баланы қара сиырға теріс мінгізіп ауыл аралатып, ауыл тұрғындарының көзінше дүре соғып масқаралаған, бұл жағдайды қыз бала жасаса оның қол аяғын байлап анасына берген, ал анасы оған не істеймін деседе ерікті болған;

-баласын өлтірген ата-ана жауапқа тартылмаған;

-күйеуі мен әкесінің ұрлық жасағанын біліп айтпаған әйелі мен баласы жауаптылықтан босатылған;

-адам өлтіргені үшін қанға-қан (өлім) жазасы егер жәбірленушінің туыстары кешірім берсе құн төлеу жазасымен ауыстырылған.

«Жеті жарғыдағы» отбасылық заңға қатыстылар:

әменгерлік – күйеуі өлген әйелді, балалары жетім болмасын, ал мал мүліктерін талын-таражға түспесін деп өлген адамның жақын туыстарына тұрмысқа берген, егер әйелі өлсе күйеуіне өзінің балдызына үйленуге рұқсат етілген, қыз келіспесе мәжбүрлемеген. Жетім қалған балаларды қамқорлыққа алу тәртібі белгіленген. Қамқоршы ретінде балалардың жақын туыстары егер олар болмаса сенімді адамдар тағайындалған.

